

Сапақкөл орта мектебінде 2022 – 2023 оқу жылында ата – анамен жүргізілген

жұмыстар туралы ақпарат

Отбасы – адам баласының діңгегі. Өйткені, адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі ролі зор. Ата – ана, оқушы, мұғалім үштігінің бірлігін нығайту, ата – аналардың мектеп тынысымен үнемі таныс болуын қамтамасыз ету.

Құқықбұзушылықтың алдын алуда, профилактикалық кеңестерде ата – аналармен мұғалім арасында тығыз қарым – қатынас орнату мақсатында ата – аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылып, ата – аналармен біршама жұмыстар атқарылды. Қыркүйек айында ата – аналар кеңесінің төрайымы сайланды. Тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау мақсатында оқушылардың отбасына талдау жасалды. Барлық отбасы саны: 102. Толық отбасылар саны: 96. толық емес отбасылар саны: 6. аз қамтылған 15. әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны: 3. Мектебімізде аналар, әкелер клубы жұмыс жасайды. Қыркүйек айында ««Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың балаларға қатыгездікпен қараудың құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жалпы ата – аналар жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ата – аналарға мектептің ішкі тәртіп ежелері, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың мектепке ұялы телефон әкелмейтіндігі қатаң ескертілді. Учаскелік инспектор Ж. Бисенғалиев құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында баяндама жасап, түсінік жұмыстарын жүргізді.



Қазан айында әлеуметтік көмек алатын отбасы үйіне тұрмыстық жағдайын зерделеу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.



Қараша айында 3 сыныпта «Баланың бас ұстазы ата- ана» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс.
Мақсаты: Ата-аналардың мектеппен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру. Мектеппен қарым-қатынастың тиімді модельдерін іздестіру. Балалар өмірінде ата-аналардың ролі туралы мағлұматтар беру.



Қараша айында 6 сыныпта «Отбасындағы бала тәрбиесі» ата – аналар жиналысы.
Мақсаты: ата – анамен бала арасындағы отбасы құндылығы, рухани адамгершілік қарым – қатынас қасиеттерін кеңейту.



Желтоқсан айында 8 сыныпта «Жақсы бала – ата – ана қуанышы» тақырыбында
сыныптан тыс шара

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;
Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру.



«Бала тәрбиесіндегі ата – ананың ролі және мектеппен байланысы» жалпы мектепшілік ата – аналар жиналысы.

Мақсаты: Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата - аналармен бірлесе қарастыру. Ата - аналармен бірлесіп отбасылық тәрбиенің негізгі ережелерін талқылау, бала тәрбиесінде ата - аналардың рөлін көрсету балалармен ортақ тіл табысуға үйрету



«Әке – отбасы қорғаны» әкелер жиналысы

Мақсаты: отбасының ұйытқысы негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, әкеге деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.



«Ана – өмір шуағы» сыныптан тыс жұмыс

Мақсаты: Оқушыларға ата - ана алдындағы парыз бен қарыздары туралы түсінік беру. Мейірімділікке, сый - құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру.



Сәуір айында «Бақытты бала отбасының айнасы» психологиялық тренингтер өткізілді.



Жалпы ата – аналар мен жоспарланған іс- шаралар өткізіліп жүзеге асырылды. Ата – аналармен жүргізілген іс – шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланып отырылды.